поэтикалық теңеулер. Олар ақын поэзиясының ұлттық нақышын, экспрессивті-эмоционалды бояуын, көркемдік қуатын арта түсіретін дүниелер болып табылады. Мысалы: ***«Маңыраған қойдай шулайды», «Ақ бөкендей ойнайды», «Аш күзендей белін бүгілтіп», «Күшіктей даусын қыңсытып», «Арыстандай ақырған», «Жолбарысша жорыттым», «Қабыландай қайранға соғып», « Үдей соққан дауылдай», «Мылтығын қардай боратып», «Оқ жаңбырдай жауған күн», «Сапырып судай шашқан күн»*** және тағы басқалары.

Сонымен қатар Махамбеттің өзіндік қолтаңбасын танытатын соны теңеу-суреттер де аз емес. Мысалы: *«Қызғыштай болған есіл ер», «Еркек қойдай бөлініп, // Қырқарланып өткен ер», «Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен», «Жау бір өрттей қайнайды», «Қайраңнан алған шабақтай // Қия бір соғып ас етсем», «Құландай ашы дауыстым!», «Қырмызыдай ажарлым!», «Теңіздей терең ақылдым!», «Бұрала біткен ементей», «Мен келелі қара бұлтпын», «Шортаны қара бақандай», «Бақасы сары атандай», «Сонасы қоңыр үйректей»* т.б.

Сонымен, поэзия тіліндегі *көріктеу құралдары* этномәдени мазмұнымен астарланып, көбіне тың мағына үстей келе, автордың ойын әсерлете, әрлендіре түсетін құрал болып табылады. «Себепсіз метафоралы тіркес пайда болмайтынын ескерсек, онда кез келген метафоралы тіркес мағынасында сол тілде сөйлейтін ұлттық таным білімі байқалады... Тіл – жанды дүние десек, оған қан беретін, нәр беретін осындай танымдық ой – сананың тереңінен шығатын метафоралар» [5, 91], – деген тұжырым Махамбет сынды тілдік тұлғалардың деректерін антропоөзектік парадигмада анықтап, *метафоризацияланған атаулар* – бұл халықтың дүниетанымымен, ұлттық ой ерекшелігімен тығыз байланыста туындайтын мәдени тілдік бірліктер екенін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы, 1968.
2. Потебня А.А. Эстетика и поэтика. – Москва, 1976.
3. Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. I т. – Алматы: Алаш, 2003.
4. Сагидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мөзмұны (қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша салыстырмалы зерттеу). – Алматы, 2003.
5. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966.

***

На основе лингвопоэтического анализа художественных средств и этнокультурного содержания дана антрополингвистическая характеристика поэзии Махамбета

«ИНТЕЛЛЕКТ» КОНЦЕПТІСІН АЙҚЫНДАЙТЫН ҰҒЫМДАР

Рахимова А.М., Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институты

«Интеллект» концептісі – ақпараттық аясы көпқырлы, мағынасы кең ауқымды концепт. Бұлай болуы заңды да. Адам интеллектісі адамзат тарихының басталуынан бері жан-жақты тереңдеп, үздіксіз толыға береді. Осыған байланысты интеллектуалдық қызметті сипаттайтын тілдік бірліктер де кең мағынаға ие болып, яғни полисемиялық, омонимдік, синонимдік, антонимдік қатарларының парадигмалары кең қолданысқа ие болады.